



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.



Мұнайлы Өлке

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті
№11 (52), желтоқсан, 2013 жыл

Құрметті мұнайшылар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2014 жылмен кіршіксіз қоңіл, ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

Жылқы жылы - жетістіктер мен жаңа бастамалар, ниеттеріңіз бен жоспарларыңыздың орындалатын жылы болсын!

Шығарып салғалы отырған Жылан жылы жағымды оқиғаларға толы болғанын атап айту керек. 2013 жылы біз жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы әлеуметтік-еңбек қатынасын реттейтін, Компанияның маңызды құжаты - жаңа Ұжымдық шартқа қол қойдық.

Компания жаңа технологияларды игере отырып, мұнайшылардың аялбай еңбектенуі арқасында мұнай өндіруді жоспарлы түрде арттыруда. Басты назар аударарлығы - соңғы бірер жылдықта «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы мұнай өндіру динамикасы көрнекі көзге түсіп, үздіксіз өсуде. 2013 жылы жоспарлы 6 001 000 тоннаны Компания 6 млн 76 мың тоннаға жеткізуді болжап отыр.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қазақстандық заң талаптарын және алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерді ұстанады. Төтенше және апаттық жағдайлардың алдын алу мақсатында Компания өз жұмысшыларына қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастырып, жаңашыл технологиялар мен өндірістегі әдіс-тәсілдерді қолдануда.

Компания соңғы үш жылда әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асырылуы мен өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 6 млрд. 105 млн. теңге бөледі. Әлеуметтік бағдарламалар түрлі бағытта жүзеге асырылып, мыңдаған адамдардың, соның ішінде, өз қызметкертеріміз бен жалпы Маңғыстау халқының мүддесіне қызмет етуде.

2014 жылы әлеуметтік бағдарламалар өз жалғасын табатын болады. Біздің Компания өзінің өндірістік және адами мүмкіндіктеріне қарай «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының лидерлік ұстанған позициясын сақтап,

нығайтатынына және үдемелі алға ұмтылу қозғалысын жалғастыратынына сенеміз!

Құрметті әріптестер!

Соңғы жылдары біз толықтай жаңа сапалы деңгейден көрінуге қол жеткіздік. Бұл нәтижеге жұмысшыларымыздың кәсібилігі, жауапкершілігі және еңбек сүйгіштігі арқасында жеттік. Біз Сіздерді Компанияның дамуы мен гүлденуіне қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін жоғары бағалаймыз және Бізді алда жаңа жетістіктер мен жетістіктер күтіп тұрғандығына сенімдіміз!

Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақыт, мықты денсаулық тілей отырып, Жаңа Жылда бар арман-тілектеріңіздің орындалуына шын көңілден тілектестізі!

Ізгі тілектермен,

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы





Құрметті әріптестер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2014 жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Төрт мезгілге төре болған жыл бастауы – қантар айының бірінші күніне ізгі тілекпен қалам басу, адамзат үшін есте қаларлық үмітке толы қуанышты күн. Жаңа жыл жүріп өткен бір жылға баға беріп, жаңа бастамалар мен ізденістерге тын қадам жасайтын, серпін беретін, жақсылыққа ұмтылатын, жаңаша ойлауға жол сілтейтін ерекше сипаттағы айтулы мереке. Жаңа жылда жауған ақ үрпек қар табиғатқа сән берсе, ыстық ықылас, лебіз көңілге нәр береді. Ендеше, жаңа жыл Сіздің отбасыңызды бақытты сәттермен шаттыққа бөлеп, мерейлеріңізді үстем етсін, баршаңызға бақ – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Сүйген істеріңіздің сүйіспеншілігіне бөлене беріңіздер, еліміздің күре тамыры мұнаймыз өндіріліп халық игілігіне жаратылсын, еңбектеріңіздің жемісті болып, қызметтеріңізге тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге жүрекжарлы тілегімізді білдіреміз!

**Құтты болсын жаңа жыл мерекесі,
Арта берсін жақсылық пен берекеңіз!
Жаңа жылда жаңа бақыт, жаңа нұрға
Толы болсын әрдайым керекеңіз!**

ТҚЕЖҚОҚ
директоры Ли Юньфэн,
ТҚЕЖҚОҚ директорының орынбасары
А. Р. Дербісін



Мен 1996 жылдан бері қызмет етіп келемін. Мұнайшылар еңбегінің қиын екенін түсінемін. Жұмысымың қиындығына төзіп өз қызметімді атқарудамын. Жылдан жылы мен үшін жақсы жыл болды, ойлаған мақсаттарыма қол жеткіздім. Осы жылы есімде қалған жаналық келінім өмірге саби әкеліп қасында болдым, осылай отбасымыз тағы бір адаммен толықты.

Келе жатырған 2014 Жылқы жылымыз баршаңызға қуаныш, мол несібісімен келсін, қиындықтар артта қалып жаңа өмір басталсын. Сіздерге зор денсаулық, ырыс ынтымақ, отбасыларыңызға бақыт береке, қуаныш пен шаттық тілеймін. Отанымызда әрқашан бейбіт пен келісім, достық пен сенім орнасын.

Өмірбаева А.,

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ тұрғын-үй пайдалану цехының күтушісі



Мұнайлы өлке Маңғыстаудағы «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ мекемесінде көптен жұмыс жасаймын. Біздің ұжым мемлекет алға қойған мұнай өндіру бағытымыз жылма-жыл сапалы да артығымен орындала келеді. Үстіміздегі өтіп бара жатырған 2013 жыл да табысты жыл болды. Осы жыл мен үшін өте бір биік өмір белесінде болды, басқа ұжымдастарыммен бірге жасаған жұмысым бағаланып, «ҚазМұнайГаздың» «Құрмет грамотасымен» марапатталдым. Бұл жыл менің отбасымда да табысты қуанышты жыл болды. 2013 жылы өндіріс еңбеккерлері мен мекеме арасындағы «Ұжымдық келісім-шартқа» қол қойылып, бекітілді.

Ол мыңдаған адамдардың, олардың отбасы жағдайының жақсаруы жолындағы ізгі қадам болды. Алдағы 2014 жылы елдің бұдан былай да еселі табысты жылы болады деп есептеймін.

Алдағы келе жатырған 2014 – «Жылқы жылымен» барлық «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ еңбекшілерін құттықтай отыра, оларға өмірде бақыт, еңбекте зор табыс, отбасында қуаныш, дендеріне саулық тілеймін!

Ізгі тілекпен,
«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ
Өндірістік департаменті
Өндірістік-техникалық бөлімінің
мұнай және газ өндіру менеджері
Төлесін Т. Т.



Мен 2000 жылдан бері «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-де қызмет етіп келемін. Осы жылы еңбегім еленіп, мұнайгаз қызметкерлерінің мейрамына орай, «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ 50 жылдығына байланысты «Құрмет» грамотасымен марапатталдым. Отбасымыздағы әбелуі жағдайлар үлкен ұлымыз-Абылай жастар арасындағы Республикалық дзюдо күресінен 3-орын, жасөспірімдер арасындағы Маңғыстау облыстық чемпионатынан 1-орынды иеленді.

Қазіргі таңда оқушылар арасында «Облыстық ғылыми жобалар» байқауына қатысып жатыр.

Кіші ұлым мектеп табалдырғын аттады. 2013 жыл қызметтегі және отбасымыздағы осы қуанышты жағдайлармен жадымызда қалуда.

Үміт көп әрине. Елдің бейбітшілігі. Жанымдағы жаны жайсаң, жақсы адамдардың амандығы.

Әкемнің, туған-туыс, бауырларымың, балаларымың дендерінің саулығы. Еңбектегі табыс.

Жаңа жыл, баршаңызға, мұнай және газ өнеркәсібі саласындағы еселі еңбектеріңізге сәттілік әкеліп, әрқашанда сау-саламатта болып, отбасыларыңызға әрдайым қуаныш пен бақыт ұялауына ақ пейілмен тілектеспін!

**Қасып тұр Жаңа жыл кеп есіңді,
Болмайды той-думаның қоңи мұңды.
Жаратқан түгел қылып берсін сенің,
Бақыт пен Ырысыңды, Несібеңді.**

**Ашылып жаңа күннің ақ парағы,
Өзіңе Қыдыр дарып, бақ қарады.
Жылқы жылы берекеңі жылы боп кірсін,
Табысқа бастап бізді асқаралы!**



Мадировва М. С.,
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ
ӨЖЗБ мұнай және газ өндіру инженері

От всей души поздравляю Вас с наступающим Новым 2014 годом.

Я желаю всем счастливого Нового года. Хочу особо подчеркнуть вклад каждого из Вас в общее дело, самое главное - эти усилия направлены на процветание нашей компании, для повышения благосостояния и достойной жизни каждого нашего сотрудника. Ведь сегодняшняя жизнь требует от нас ещё большей консолидации, укрепления нашего единства.

Пусть Новый Год станет для всех нас годом больших свершений! Желаю Вам крепкого здоровья, счастья, добра и процветания, успехов во всех делах, взаимопонимания и достатка в каждом доме!



Юань Чжикунь,
Директор Центрального
инженерно-технологического
департамента



Уважаемые коллеги! Совсем скоро мы встретим Новый год. Год уходивший был для всех нас особенным. Мы торжественно отметили 22-летие Независимости и встретили его высокими достижениями. Мы с благодарностью провозжаем уходивший год и с уверенностью смотрим в 2014-й. Каждый из нас возлагает на него большие надежды.

Дорогие друзья, от всей души поздравляю вас с наступающим Новым годом!

Желаю, чтобы в ваших семьях всегда был достаток, царил мир и спокойствие. Желаю, чтобы ваши родные и близкие были здоровы, а дети и внуки дарили только радость.

Пусть новый год для всех нас станет новым во всем: в новых начинаниях, новых мечтах, новых достижениях!

Айтқұлова Алтын,
начальник смены
Центрального инженерно-технологического департамента



Құрметті мұнайшылар!

Сіздерді санаулы күндерден кейін аяқ басқалы тұрған Жаңа жыл - Жылқы жылы мерекесімен құттықтаймын! Жаңа жыл қашанда әр адамның жүрегіне жана үміттер мен апақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол созыратын ең сүйікті мереке. Ескі жылды шығарып сала отырып, көптеген бағыттар бойынша маңызды жетістіктерге қол жеткізгенімізді атап айтуға болады.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ жаңа технологияларды игере отырып, үлкен нәтижеге мұнайшылардың кәсіби, жауапты және аябай еңбектенуі арқасында ғана жетті, мұнай өндіру жоспарлы түрде арта бастады.

2013 жылғы жоспарды 1 млн. 850 мың тоннадан асырамыз деп болжануда. Себебі, біз 2013 жылдың жоспарын 2013 жылдың 10- желтоқсаны күні орындадық. Мұнай саласында көп жылдар қызмет жасап келе жатқан біраз мұнайшыларымыздың еңбектері бағаланып, Маңғыстау мұнайының 50 жылдық төс белгілерімен марапатталды. Жаңа жыл қарсаңында жыл қортындысы (2013 ж) бойынша түрлі номинацияда үздіктер анықталды, атап айтқанда «үздік оператор» - Айтниязов Бекқали (№1 МГӨЦ), «үздік электргаздәнекерлеуші» - Мамбетжанов Талғат (ПЖПЖ), «өндірістің үздік слесарь-жөндеушісі» - Мынбаев Нүрпейіс (№2 МГӨЦ), «тұрғын үй пайдалану цехінің үздік маманы» - Төлегенов Бектемір (ТҮПЦ) танылымын, марапатталды.

2013 жылдың қазан айынан бастап жана әлеуметтік бағдарламалар қабылданып өз жалғасын табуда. Қауіпсіз және жайлы еңбек шарттары, жұмысшылардың тұрмыс-жайы және демалысы, денсаулығын қорғауға, сондай-ақ, қызметкерлердің кәсіби өсуіне жағдай жасау және т.с.с бағдарламалар жасалып іске асуда. Негізгі алынбай жасалынып, 2010-2013 жылдарда қолданылған Ұжымдық Шартымыз «Үздік Ұжымдық шарт» номинациясы бойынша «Парыз» Республикалық сыйлығын иеленгені белгілі. 2013 жылдың 07 қарашасындағы 2013-2016 жылдарға арналған Ұжымдық шарт әр жұмысшыға қолжетімді және тәжірибеде қолдануға ыңғайлы етіп жасалынып, әлеуметтік саладағы айқындалмаулар сақталып, жақсарған, еңбек ақы саласы, еңбек шарты, денсаулық сақтау, кәсіподақ ұйымдарының міндеттері нақты жазылған. Атап айтқанда қазан айынан бастап еңбек ақының өсуі, жыл қортындысымен бонус арқылы үстеме ақшалардың, сыйақының төлеулері, төрт баласы (18 жасқа дейінгі) баларға 100 МРП, балабақшадағы балалар ақшасын төлеу, 50, 60 жасқа толуына орай ақшайлы көмек беру т.т. Мұның барлығы біздің келешегіміздің гүлденуіне, табысымыздың молайып, әл-ауқатымыздың артуына жол ашары сөзсіз.

Құрметті мұнайшылар, Сіздерге жаңа жылда үлкен қуанышты жаңалықтар, арман-тілектеріңіздің орындалуына шын көңілден тілектеспін!

Құрметпен,

Б. С. Сейтмағанбетов,
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы

«Нет в году более желанного праздника, чем Новый Год. Хочу лично каждому в Новом Году пожелать идеальной гармонии, профессионального роста, оптимизма и веры в себя. Пусть следующий год принесет вам благополучие и успех, подарит новые блестящие идеи и поможет их воплотить в жизнь. Пусть в ваших семьях царит мир и взаимопонимание, а любовь близких людей горячим пламенем будет согревать в любую минуту!»

Что принес 2013 год?

«2013 год был ярким и плодотворным во всем планах. В этом году я познакомилась с новыми интересными людьми, путешествовала, устроилась на работу. Но самый особенный запоминающийся момент – вступление в брак. В сентябре текущего года я вступила в новый этап своей жизни».

Чего ждать от 2014 года?

«Так как я сама родилась в год Лошади, то ожидаю что следующий год принесет мне много интересного и неожиданного. Думаю, что год будет успешным, пожалуй, для всех, кто захочет по-настоящему преуспеть в каких-либо начинаниях».

В этом году произошло также много разных интересных событий, одно из которых я запомню надолго. Дело было в октябре текущего года, я отъехала в Грецию, остров Крит. У нас с супругом был медовый месяц. Путешествие происходило в Средиземном море на лайнере, который по своим размерам может сравниться с Титаником. Утром корабль пришвартовался к берегу острова, и все туристы пошли гулять. Мы стали не исключением. Погода была прекрасная, 30 градусов жары. Ознакомившись со всеми основными достопримечательностями острова, мы забрели в местное кафе. т.к. остров небольшой по размеру, мы смогли увидеть на горизонте наш корабль. Внезапно нагрянул сильный гром и начался ливень. Решив переждать бурю в заведении, мы удобно устроились за столиком и ждали своего заказа. Могу сказать с уверенностью, что такого ливня я не видела никогда. Все бы ничего, как вдруг я увидела, что наш корабль отходит от берега, и поворачивает свой курс.

Наукеева А.,
Департамент управления
человеческими ресурсами



Мен 1983 жылдан бері «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ-ла өз қызметімді адал атқарып келемін. Жылан жылы мен үшін жақсы жыл болды, ойлаған мақсаттарыма қол жеткіздім. Ата-ананың басты парызы «Ұлы ұрпақ қондырып, қызды қияға ұшыру» болса, осы жылы қызымды қазақтың салт-дәстүрімен қолымыздан ұзатып, бір міндетімді орындадым.

Қазақстанның басты байлығын игеруде аянайт тер төгіп келе жатқан мұнайшылар қауымының қиын еңбегі қашан да құрметке лайық. Саланың дамуына және өркендеуіне үлес қосып келе жатқан ерен еңбектерімізді елестіріп, бір топ мұнайшылар қауымын «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ 50 жылдығына арналған кітапқа шығарды. Солардың қатарынан табылғаным мен үшін үлкен мақтаныш. Сондай-ақ, мұнайшылар арасында ұйымдастырылған түрлі шараларға белсене қатысып, ортадан оза шыққан вахтада әріптестерім «ОТК» ЖТКБ 1-автотізік жүргізушісі Өтегенов Таңат, Мұстапа Сағынғали және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ПЖПЖ цехінің 4-дәрежелі жөндеушісі Рахметов Кенжебек Оңайбайұлының есімдерін ерекше атап өткім келеді. Өзгелерге үлгі болатындай нағыз өз ісінің мамандары!

Жылан жылының тағы бір ерекшелігі «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ Ұжымдық шарт қабылдады. Жуырда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнайшылары қойылған жоспарды артығымен орындап тағы бір қуаңты. Осындай жақсы істердің басы-қасында жүрген басшыларым С.А.Бижанов, Б.С.Сейтмағанбетов, Ж.К.Төлеғожаев, Б.К.Сансызбаев, Х.Жақыпқовтарға, ЦД басшылары, оператор, жөндеушілерге, жүргізушілерге үлкен алғысымызды білдіремін.

Келе жатқан 2014 Жылқы жылы баршаңызға құтты болсын! Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен телейге табыс мол болып, әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болғай! Отбасыңызға баянды бақыт пен бақ-береке тілеймін!

Ізгі ниетпен, Естеков К. К.,
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ ПЖПЖ цехінің 5-дәрежелі жөндеушісі



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Баяғыда бір жақсы адам өмір сүріпті. Өзі жоғарт, қайырымды, әрі асқан ақылды адам екен. Жасы жүзге жеткенде әлгі адам қатты сырқаттанып (ауырып) қалыпты. Ажалды күтіп бүк үсіп үйде жатқанда, бір күні оның есігін біреу тақылдапты қағыпты. «Бұл кім?» деп сұрапты жақсы адам. «Мен – Махаббаттың, саған көмектесейін деп келдім, есігіңді аш» - депті қонақ. Жақсы адам оған: «Махаббат, сенің маған керіңгі жоқ, көмектесе амайсың, рахмет, қайта бер» деп, есікті ашапты. Біраздан соң, есікті тағы біреу тақылдапты. «Кімсің?» деген сұраққа ол: «Мен – Байлықпын! Сендей жақсы адамға көмектесуге келдім. Ауруыңды емдей аламы ба?» деп жауап беріпті. Жақсы адам: «Рахмет, Байлық, сен маған керек жоқсың енді» деп, есікті ашапты. Біраздан соң, тағы біреу ақырын ғана қағыпты. «Кім бұл?» деп сұрапты жақсы адам. «Мен - Денсаулықпын, парасатты адам!» - депті есікті сыртындағы қонақ. Жақсы адам сүйретіліп барып, есікті ашып жіберсе, ар жағында үш жігіт тұр дейді. «Денсаулық, сен біреу емессің бе? Мыналар кім?» - деп таң қалыпты жақсы адам. Сонда: «Денсаулық болған соң, біз де боламыз ғой міндетті түрде» деп, Байлық пен Махаббат жымпын күліп, Денсаулықтың екі қолынан ұстап, босағандан кіріп келе жатыпты.

Құрметті Мұнайшылар, Жаңа жылда бәріңіздің шаңырағызға дәл осылай Денсаулық, махаббат және байлық үшеуі бірдей қол ұстасып кіріп келсін және ешқашан қайтып шықпасын! Кезер жаңа жыл Сіздің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын!

2014 Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі тілекпен:
Маркетинг және мұнай өткізу департаментінің ұжымы



Құрметті әріптестер!

Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жана үміттер мен апақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол созыратын ең сүйікті мерекеміз. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды.

Достар, біз де өкпе-назымызды, өкініш-мұңымызды, қиындық сезінген сәттерімізді бір сәт естен шығарып, ескі жылға қалдырып, Жаңа жыл табалдырығын махаббатпен, мейіріммен аттайық, бізді алда тек қана қуаныш пен бақыт күтіп тұр деп сенейік.

Жаңа жыл Сіздер үшін зор жетістіктерге қол жетістік, ой-мақсаттар жүзеге асатын, арман-үміттер ақталатын, жыл болсын.

Барлықтарыңызға жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар әкелсін!

Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті

МАҚТАНЫШТАРЫҢЫЗ!

ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңындағы мерекелік бағдарлама аясында Ақтау қаласында облыс әкімі Алик Айдарбаевтың қатысуымен салтанатты жиналыс болып өтті.

Жимин барысында ҚР Президентінің Жарлығымен Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін облыс, қала, аудандық бірқатар азаматтарына мемлекеттік наградалар табысталды.



Соның ішінде «Кұрмет» орденімен әріптесіміз - «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы қоғамдық белестігінің төрағасы Масатов Санатбай мырза марапатталғандығын мақтаныспен айта

аламыз. Осындай мәртебеге сондай-ақ, Тұпқараған аудандық мәслихат хатшысы Досанова Айқұмис, «Ө.Қалмағамбетұлы атындағы өнер мектебі» МКК директоры Құлсариев Орын мырза, Жаңаөзен қаласындағы орталық аурухананың бас дәрігері Сарыев Мұрат ие болды.

Сонымен қатар «Ерен еңбегі үшін» және ҚР Құрмет грамоталары да табысталды. Ал, «Маңғыстау облысының Құрметті азаматы» атағын алғандардың ішінде Маңғыстау мұнайының майталманы Камка Үмбеталина, Орын Құлсариев, Нұрлыхан Бекбосын, Киікбай Рızaханов, Бердібек Тұрарбеков, Күрші Тасболатов болды.

Маңғыстаудың өркендеп өсуіне елеулі үлес қосқан ел азаматтарын құрметтеу рәсімінің соны өнер шеберлерінің үлкен концертіне ұласты.



Маңғыстауда жыл сайынғы облыстық «Жыл адамы» конкурсының қорытындылары шығарылды. Салтанатты шараны облыс әкімі Алик Айдарбаев құттықтау сөзбен аяпты.

Одан әрі үздіктердің еңбегі еленіп, «Жыл мұғалімі», «Жыл тәрбиешісі», «Жыл ғалымы», «Жыл дәрігері», «Жыл медбикесі», «Жылдың үздік үкіметтік емес ұйымы», «Жыл құрылысшысы», «Жыл журналисі», «Жыл спортшысы», «Жыл полишейі», «Жылдың үздік әлеуметтік қызметкері», «Жыл жебеушісі», «Жылдың мәдениет және өнер қызметкері», «Жыл фермері» атаулары бойынша өз саласының майталмандары марапатталды.

«Жыл мұнайшысы» атағын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да 22 жыл еңбек өтілі бар «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ операторы Дүйсенбаев Қайрат Бекешұлы иеленді. 1970 жылы туылған Қайрат Бекешұлы өзінің еңбек жолын 1991

жылғы наурыз айында «Манғышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Жетібайнефть» мұнайгаз өндіру басқармасының №1 мұнай және газ өндіру цехында (МГОЦ-1) мұнай және газ өндіру жөніндегі 2-дәрежелі оператор болып бастаған. 2004 жылдың ақпан айынан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру жөніндегі 5-дәрежелі операторы болып қызмет етеді. Өзін техника жағынан сауатты, білгір, ынталы, орындаушы және өндіріс жұмыстарын ұйымдастырушы қабілет мол қызметкер ретінде көрсете білген Қайраттың бригадасы мұнай кәсіпшілігі жабықтырының толассыз, ырғақты жұмыс жасауын қамтамасыз ете отырып, мұнай өндіру жөніндегі жоспарлы тапсырмаларын ұдайы асыра орындауда. Қайрат Бекешұлы өндіріс қуаттарын ұтымды пайдаланып, табиғатты қорғау шараларын тиісті деңгейде жүзеге асыра білетін жан. Оймашы кен орнындағы нысандарда кездескен күрделі де апатты жағдайларда ол өз бетімен жедел түрде сауатты шешім қабылдайды. Ұңғымалардың технологиялық режимін тиісті деңгейде сақтауды ұдайы бақылауда ұстау арқылы ұңғыма жабықтырының пайдалану мерзімін ұзартуға, мұнай ысырабын азайтуға қол жеткізіп, мұнай өндірудің жоспарлы тапсырмаларын табысты



орындап келеді. Кен орындарында мұнай өндірудің қарқынды артыру мақсатында жаңа техника мен технологияларды енгізуге белсене ат салысуда. Ұңғымаларға, мұнай мен су ысыту пештеріне, сораттарға және басқа мұнай кәсіпшілігі жабықтырына дер кезінде сапалы техникалық қызмет көрсету арқылы өздеріне бекітілген аумақта топырақтың маймен ластануына жол бермеуде. Осындай жауапты қызметтегі елеулі еңбегі үшін бүгінгі таңда Дүйсенбаев Қайрат Бекешұлы «Жыл мұнайшысы» атағына лайық деп танылды.

Бұған қоса тағы қосымша 7 атаым болды. Олардың барлығы да өз саласында жүзден озған майталмандар, игілікті ісімен өңге боларлық азаматтар.

САПАР ЖЕМІСТІ БОЛДЫ



Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Лэ Юйчэнь өзінің Маңғыстау облысына жұмыс сапарында «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік Басқармасының қызметімен танысты.

Сапар барысында Елші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Суың Синьюнь мырза мен Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бахыт Алтайұлымен бірге Жетібай кен орнындағы мұнай дайындау және айдау Цехында болды. «Си Бу» компаниясындағы бұрғылау бригадасының жұмысымен танысты, Маңғыстау мұнайын тұңғыш ашушыларға арналған обелік орнатылған атақты №6 ұңғыда болды. Сондай-ақ Лэ Юйчэнь мырза Жетібайдағы спорт сарайы мен өнер мектебін аралады. Бұл нысандар

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қаражатына салынған болатын. Музыкалық мектептің тәрбиеленушілері мәртебелі концертке арнап қазақтың ұлттық композицияларын орындаса, жас спортшылар көрнекі орындауда болды.

Сапар қортындысында Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Лэ Юйчэнь мырза нысандардағы барлық жұмыстардың өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын ескеріп, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметіне жоғары баға берді.

Автокөлік паркі жаңартылды

Серіктестік құрамында Қаламқас кенорнына қызмет көрсететін Бозашы технологиялық көлік басқармасы, Жетібай кенорнына қызмет көрсететін Жетібай технологиялық көлік басқармасы, Ынтымак селосында орналасқан Маңғыстау технологиялық көлік басқармасы және орталық жөндеу базасы бар. ОТК мекемесінде дәл қазіргі таңда 2602 адам қызмет етеді. Жоғарыда аталған үш көлік басқармасын қосқанда мекеме меншігінде барлығы 1219 техника тіркелген.

Өндіргі бірден-бір ірі көліктік компанияның техникалық паркінің өскіру көрсеткіші бытырғы 2012 жылдың басында 54,85% деңгейде болыпты. Яғни мекемедегі техникалардың жартысынан көбінің «жасы» 10 жылдан асып, әбден тозығы жеткен. Бұл көрсеткіш ОТК мекемесінің АНС ЖШС құрылып, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ қарамағына өткенге дейінгі жағдай. ҚазмұнайГаз Ұлттық Компаниясының бекіткен инвестициялық бағдарламасына сәйкес, жалпы құны 3 млрд 516 млн теңге тұратын 338 автокөлік құралы сатып алынды.

Сатып алынған көліктердің кезекті партиясын мекеме меншігіне қабылдау Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесімен тұспа-тұс келді. «АқтауНефтьСервис» ЖШС және «ОТК» ЖШС басшылығы жаңа көліктердің тізгінін мекеменің жүргізуші қызметкерлеріне салтанатты түрде табыс етті.

Корейлік «Hyundai» маркалы су жаңа автобустардың кіндіктері қолына алған мекеме жүргізушілері «көліктерді өз дүниеміздей көретін боламыз» - деп, ризашылықтарын білдірді.

Мекеме меншігінде жаңа көліктердің техникаларын пайда болуы мұнай өндірісі саласындағы көрсетілетін көліктік-техникалық қызмет сапасын арттыруға оң әсер етері анық. Компания алдағы уақытта да өзінің техникалық паркіні жаңартуды көздеп отыр. Ол үшін алдағы 2014 жылға 148 дана техника сатып алуға 1 млрд 571 миллионнан астам теңге қаржы қаралған.

«ОТК» ЖШС әлеуметтік, әкімшілік департаменті директоры Қайрат Қожиков

Медиацация – істерді шешудің баламалы әдісі

Медиацация адам іс-әрекеттерінің көптеген салаларында дауласушы тараптарды келістіру мен оңтайлы шешімдерді іздеуде көмек берудің құралы ретінде ежелден қолданылып келеді. Қазақстанда бітім жолымен істердің тек 3%-ы шешіледі, қалғандарына үкімдермен және сот шешімдерімен нүкте қойылады. Дегенмен, Қазақстанда медиацация соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Медиацациялық оқытумен, сондай-ақ медиацация азаматтық, еңбекке қатысты, қылмыстық істерді шешуде қолданумен айналысатын бірқатар техникалық орталықтар ашылып, жұмыс жасауда. Соғардың бірі «Сенім» әлеуметтік әріптестік және медиацация орталығы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне медиацацияны түсіндіруді семинар өткізді. Екі аптаға созылған семинарда кәсіби тренер-медиацатор Жумақаева Бахыт Даулетханқызы мәріс беріп, қатысушылардың барлығын медиацатор кылу негізгі мұқабалары емесінің, маңыздысы медиацацияның білімсіз кез-келген кәсіпкерлерге, кез-келген адамдар арасындағы қарым-қатынаста, соның ішінде кез-келген сұхбаттын сапасын жоғартылып, адамдардың бір-бірін түсінуіне ықпал ететінін сөзін екенін айтты. Отыздың үштен бірі, негізгі басшылық құрамнан тұратын топқа әлеуметтік жағдайда әр-түрлі дау-дамайлардың, қақтығыстардың қалай алдын-алу керектігін теориялық және тәжірибелік тұрғыда

түсіндіреді отырып, амандасудан бастап сөйлесу кезіндегі бір-бірінің қатығына тиімейтін сөздер айтпау қажеттігін ескерткен тренер, медиацация процесінде негізі ақыл айтылмайтындығын, заңды қайта-қайта жүгінушінің алдына тоспай, тек жеке мүдделем жұмыс істеу қажеттігін жеткізді.

Бұл оқыту. Сондықтан бірінші рет қатысып, «медиацатор» дегенді естімеген адамдардың өзі осы құралдардың қанашалықты пайдалы болу мүмкіндігін өздері мойындап жатады. Сондықтан тыңдаушыларға қарап бағдарламаның негізгі техникаларын, мазмұнын сақтай отырып, медиацация туралы қарым-қатынас, коммуникативтік білімділікпен де сәл хабардар болсын деп екі-үш сұрақтар қосқанымыз бар. Сондай-ақ, міндетті түрде «кез-келген мәселелерді басылар қалай шешеді?» Медиацация сияқты шешіп жүргені сөзсіз әрине, саналы, бейсаналы түрде, ол үшін міндетті түрде небір құралдарды пайдаланады? (түсініксіз) Осы сабақты білу - сол құралдарды жүйелендіреді, адамдардың көлімгіндей қозы аныды, қай жерде ол дұрыс істегенін, қай жерде бұрыс болғанын айқындап береді. Сондықтан қақтығыстың даму заңдылығы, өршу заңдылығы, басылу заңдылығы болып келетіндері білімнің ұғымдары айырып білу қажет. Қай кезде қандай шара қолданғаны дұрыс, басы болса - басқа, ортасы болса - басқа техниканы қолданады. Негізі, конфликт-



терді басқара білу. Жалпы конфликтті түсірмей, оның алдын алу шараларын осы 10 күнде екі топ анықтап, емтихан тапсырды, өз біліктіліктерін көрсетті, - деді тренер-медиацатор Бахыт Даулетханқызы.

Сонымен қатар, семинар барысында сұхбат берген тренер «Бүгінгі таңда Медиацацияның көмегіне деген сұраныс деңгейіне жетпей отыр, «Кәсіптік емес медиацатор» атауының өзі халық арасында сенімсіздік туылап, сайып келгенде кәсіптік медиацаторға немесе қарапайым халықтың медиацатордың қызметін өтеуге қалталары көтермегендіктен сотқа жүгінуіне әкеледі. Бұл тұрғыда халық арасында, мекемелерде, кәсіпорындарда және т.б. үгіт-насихат жұмыстарын жандандырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы медиацацияның қолданылу аясы мен оның артықшылықтары және сот талқылауынан айырмашылығы туралы халыққа белсенді түрде толыққанды ақпарат жиі таратылып тұрса екен» - деп қортындылады.



Жылжытқыштар!

60 жас

Қызықбаев Айтбай Даулетұлы, 6 қаңтар, ҚД, автокөліктерді жөндеу слесарі

Мендыгарин Ербол Сиражұлы, 25 қаңтар, МҚ, аға маркшейдер
Поспехов Сергей Викторович, 29 қаңтар, ҚҚ, күзетші

55 жас

Неталиева Қалимаш Нырсылтанқызы, 8 қаңтар, САЖМТЖД, жүк пен багаж қабылдап-тапсырушы

50 жас

Күтеев Бекберген Жақсылықұлы, 1 қаңтар, ТКЕЖҚОҚД, автокөлік жүргізушісі
Нұрдаулетова Рысгүл Нұрдаулетқызы, 6 қаңтар, ӘМЖӘДД, өндірістік және қызмет жайларын тазалаушы

Төретаева Айбибі Мұсақызы, 10 қаңтар, ҚҚД, сылақшы

Жанғүттиев Бахтыгерей Қадырбайұлы, 21 қаңтар, ҚҚ, күзетші

Тәуелсіздікке 22 жыл

Әнұранмен алға қарай ұласып,
Аспаныңда қыраның боп самғайық,
Бабалардың қастерлеп мал-мұрасын,
Аманатын ұрпақтарға жалғайық.

Қазақ болған қазағының панасы,
Ұрпақтардың ұзар мұны санасы.
Ақын Сабыр Адай нақты айтқандай,
Әр қазақты жалғыз деп баласы.

Тілің, дінің, тарихыңды білгейсің,
Туыңды биік пір тұтып жүргейсің,
Момыңұлы деген батыр бабамыз,
Отан үшін отқа түсең күлмейсің.

Білім қуып, ел дамыту жемісін,
Жастарымыз салу керек бар күшін.
Отаныңды сүті басты парыздң,
Парыздарымыз "Желтоқсан" бағы үшін.

Аиық аспан асыында ел бүгін,
Көтереді Тәуелсіздік елдігін.
Қазақ жұрты ұлы алашым, ұраным,
Ұлы күнге жыр арнадым мен бүгін.

1986-ның көтерілісі,
Азаттықтың тебіренген толқыны.
Келестік биліктің күйді іші,
Тағынан құлатқасын сал күші.

Жан берісің Алматының алаңы,
Намыс бермей қалың жастар жарлаңы.
Желтоқсанда еңесің туын орнаттып,
Желбіреді Тәуелсіздік жалауы.

Ұлт азаттық көтерілісі қазақтың,
Тәуелсіздік алып берді азат күн.
Құтты болсын төл мереке, теңдесті,
Қазақ үшін, ең биік сәлжан күн.

Жаса мәңгі, жаса биік қазағым,
Күннің нұрлы шуағы, саған төлдісің.
Рухыңды малай жыр қып жазарым,
Ала алашым, алға туган жер үшін.



К. Канатов,
«ОТК» ЖШС жүргізушісі

Быстрее! Выше! Сильнее!

Накануне Дня Независимости Республики Казахстан и Нового 2014 года в АО «Мангистаумунайгаз» состоялась спортивно – массовые мероприятия. В частности, были проведены соревнования по волейболу, мини-футболу, стендовой стрельбе, настольному теннису, шахматам, боулингу и бильярду. Большой интерес вызвали у болельщиков соревнования по волейболу, в которых приняла участие четыре команды. В результате интереснейших поединков первое место завоевала команда административно-управленческого аппарата АО «Мангистаумунайгаз». Второе место заняла команда ПУ «Каламкасамунайгаз», а третье место у волейболистов ПУ «Жетыбаймунайгаз». В упорной борьбе прошли соревнования и по мини-футболу среди пяти команд департаментов и управлений Общества. Здесь первенствовала команда Службы безопасности. Были победители подобных турниров, команды ПУ «Жетыбаймунайгаз» и ПУ «Каламкасамунайгаз» довольствовались, соответственно, вторым и третьим призовыми местами. Не менее интересной была борьба среди боулингов. Здесь первое место досталась на тайбрейке команде ДАВСР. Второе место заняла команда ДУЧР, победительница прошлого турнира. Также интересно прошли соревнования и по другим видам спорта. Победители и призеры турниров награждены кубками, медалями, дипломами соответствующих степеней и денежными премиями.

Прошедшие соревнования показали, что в АО «Мангистаумунайгаз» на должный уровень поставлена работа по спорту, пропаганда здорового образа жизни и физическому оздоровлению работников Общества. Отныне подобные спортивные мероприятия должны стать традиционными.



Абайдың қара сөздері

бағамын демесе, бізді құдай сактасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керектіңіз өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмай тұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өміріңді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрасың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолыңа кезің алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатсар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатығын күйің.

Соғылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не қорған күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған соғылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай халекетке қосайын? Балаларымың өзине ілгері өміріңнің, біліміңнің пайдасын тыныштықпен керекті орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген

нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алысн, я оқысын, керекті жоқ десе, өз сөзім өзімдік дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың ескенген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жұрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің кіміні сол жеткізіп тұрды. Өке балаға қинайтұғын маңыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, естілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сактап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, күзгін тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сенің шақшы аяғың билан пышыратығыра қойған нідән түгіл, шық, сасық қазақ», - деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі - бірің-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күні құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?

1890

ЕКІНШІ СӨЗ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын ботқасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да ботқан күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе - шаршап, жауу жүрсе - демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалық ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп.

Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «құзын құлақты тауып бер дегің» деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі анұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық

1890



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
"Мангистаумунайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы:
А.Ақшаева
Л.Жолдыбаева
Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., №1 үй,
тел:
211-736, 212-280,
212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрілігінде
есепке
қойылып,
№9675 - Г
күнігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС
баспаханасында
басылады.
Ақтау қаласы,
22 ш.а.
тел: 750750
Тапсырыс:
4920